ОТЗЫВ

зарубежного научного консультанта

Жалиловой Ширин Шухратовны,

и.о. доцента Государственной академии хореографии Узбекистана, доктора философии (PhD) по направлению искусствоведения на диссертационную работу докторанта

Кукетова Берика Алпысбаевича

«Национальная идентичность в казахской хореографии: преемственность традиций в контексте новаторства»

представленную на соискание степени доктора философии (PhD) по образовательной программе 8D02197 – «Хореография»

Актуальность темы исследования.

Диссертационное исследование Кукетова Берика Алпысбаевича посвящено актуальной для современного хореографического искусства проблеме – изучению национальной идентичности в казахской хореографии в условиях взаимодействия традиции и новаторства. Актуальность работы обусловлена тем, что в условиях глобализации, активного культурного обмена и появления новых художественных технологий традиционный танец одновременно выступает носителем исторической памяти, национального кода и культурного наследия и становится материалом для современных сценических произведений. В связи с этим научное осмысление традиционной танцевальной пластики не только как исполнительского материала, но и как культурно-хореографического языка представляется значимым направлением современного хореографического исследования.

В работе последовательно поставлена проблема сохранения содержательной основы национальной пластики при ее включении в современное художественное пространство. Автор рассматривает национальную идентичность как динамический процесс, связанный с историческим опытом, культурной памятью и современными формами художественной интерпретации. Такой подход соответствует заявленной теме диссертации и позволяет рассматривать преемственность традиций не как механическое воспроизведение прошлого, а как процесс его современного переосмысления.

Цель, объект, предмет и задачи исследования.

Цель исследования сформулирована как определение казахского танца в качестве проявления национальной идентичности и научное обоснование культурно-символических, пластических и композиционных основ традиционного казахского танца. Объектом исследования определено проявление казахской хореографии в период метамодернизма, предметом – проявления национальной идентичности в традиционном казахском танце на основе современных аспектов. Поставленные задачи логично связаны с целью и последовательно раскрываются в трех главах диссертации.

Теоретико-методологическая основа.

Особого внимания заслуживает междисциплинарный характер исследования. В работе объединены философский, культурологический, хореографический, антропологический, онтологический и метахореографический подходы. Для интерпретации национальной идентичности автор использует взаимосвязь примордиализма, конструктивизма и инструментализма. Их сочетание позволяет рассмотреть национальную идентичность одновременно с точки зрения историко-культурной преемственности, социально-культурной динамики и современного функционирования национальных культурных знаков.

В диссертации применены историко-теоретический, сравнительный, антропологический, онтологический, феноменологический, герменевтический, эвристический и эмпирический методы. Важным методическим положением является использование метахореографии как способа анализа традиционного танца не только на исполнительском или этнографическом уровне, но и через его внутреннюю смысловую, семиотическую и культурную структуру.

Основное содержание и результаты исследования.

В первой главе рассматриваются теоретические и методологические основания изучения национальной идентичности в современный период. Автор обосновывает комплексную модель, учитывающую взаимодействие традиции и новаторства, а также применяет диалогический, эмпатический и междисциплинарный подходы в контексте метамодернистского мышления.

Вторая глава посвящена разработке методической системы исследования традиционного танца. На материале танцев «Айгөлек» и «Балбырауын» раскрываются их культурные значения; рассматриваются историко-

антропологические основания «Қара жорға» и его связь с культурными процессами Великого Шелкового пути; проводится онтологический анализ «Қамажай». Существенным результатом является систематизация шести элементов, предлагаемых для исследования традиционного танца: стили танца, символизм, музыкальные элементы, атрибуты, позы и ритуалы. Отдельное место занимает исследование междометий в казахском искусстве и их эмоциональной, коммуникативной и художественно-экспрессивной функции в языке танца.

В третьей главе исследуются особенности современной казахской хореографии XXI века в период метамодернизма. Автор показывает, каким образом традиционная пластика соединяется с современными сценическими решениями и получает новые формы художественного выражения. В качестве эмпирического материала рассматриваются материалы страницы BiCod на платформе TikTok, что позволяет обратиться к проблеме восприятия казахского танца в цифровой культурной среде. В результате выделены парадигмальные основания казахской неохореографии периода метамодернизма: интуиция, мелодия, использование новых технологий в сценическом пространстве и жесты выражения чувств.

Научная новизна.

Научная новизна диссертации определяется комплексным рассмотрением казахского танца в категории национальной идентичности. К числу существенных результатов относятся разработка модели определения проявления национальной идентичности в казахском танце на основе *примордиализма, конструктивизма и инструментализма; выявление культурной* ценности «Айгөлек» и «Балбырауын» посредством метахореографического анализа; рассмотрение единства истоков «Қара жорға» и «Буын биі»; обоснование возможности применения онтологического подхода к анализу «Қамажай» и шестиэлементной системы при исследовании традиционных танцев; конкретизация роли междометий как особого проявления национальной идентичности; определение парадигмальных оснований казахской неохореографии периода метамодернизма.

Теоретическая и практическая значимость.

Теоретическая значимость работы состоит в систематизации междисциплинарных подходов к исследованию национальной идентичности посредством хореографического материала. Полученные результаты расширяют

возможности изучения традиционной танцевальной пластики в культурном, семантическом и художественном аспектах. Практическая значимость связана с возможностью использования разработанных материалов в образовательных программах по хореографии и казахскому танцу, в учебном процессе, а также в сценической постановочной практике.

Апробация и публикационная активность.

Результаты исследования получили апробацию в научных публикациях, на круглых столах, международных научно-практических конференциях и других научных мероприятиях. В автореферате указаны публикации в журнале Central Asian Journal of Art Studies в 2024 и 2025 годах, а также статья Kuketov B., Shankibayeva A., Kussanova A., Assanova M. «Dance, ontology, and national identity in the metamodern cultural paradigm» в журнале Cogent Arts & Humanities, 2026, Vol. 13, Issue 1, Article 2722608, DOI: 10.1080/23311983.2026.2722608, Scopus EID: 2-s2.0-105049565374. Наличие публикаций, соответствующих тематике диссертации, свидетельствует о последовательной апробации основных положений исследования.

Общая оценка диссертационной работы.

Диссертация Кукетова Берика Алпысбаевича представляет собой самостоятельное междисциплинарное исследование, в котором хореографический материал рассматривается во взаимосвязи с вопросами культуры, идентичности, антропологии и современной художественной теории. Работа отличается последовательностью постановки исследовательских задач, стремлением связать теоретические положения с анализом конкретных образцов казахского танцевального искусства и ориентацией на практическое применение полученных результатов.

Важным достоинством исследования является стремление автора рассматривать традиционный танец как развивающийся культурный текст. Такой подход позволяет проследить, каким образом национальная пластика сохраняет связь с культурной памятью и одновременно приобретает новые художественные формы в современном сценическом и цифровом пространстве.

Заключение.

На основании представленных в автореферате положений можно отметить, что диссертационная работа Кукетова Берика Алпысбаевича на тему «Национальная идентичность в казахской хореографии: преемственность

традиций в контексте новаторства» имеет научную и практическую значимость для развития исследований в области хореографии, национальной культуры и современного танцевального искусства.

Работа соответствует заявленной образовательной программе 8D02197 – «Хореография», отличается актуальностью темы, междисциплинарным характером методологии, наличием сформулированных научных результатов и практической направленностью. Представленные результаты позволяют рассматривать диссертацию как завершенное научное исследование, выполненное на уровне, соответствующем подготовке доктора философии (PhD) по образовательной программе «Хореография».

Рекомендовую диссертационную работу Кукетова Берика Алпысбаевича к рассмотрению в установленном порядке к защите на соискание степени доктора философии (PhD) по образовательной программе 8D02197 – «Хореография».

Зарубежный научный консультант:

Жалилова Ширин Шухратовна

И.о. доцента Государственной академии хореографии Узбекистана,

доктора философии (PhD) по направлению искусствоведения



октября 2026 г.

Докторант
Кукетов Берик Алпысбаевичтің
8D02197 – «Хореография» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Қазақ хореографиясындағы ұлттық бірегейлік: жаңашылдық аясындағы дәстүрлер сабақтастығы»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
шетелдік ғылыми кеңесші,
Өзбекстан мемлекеттік хореография академиясы
доцентінің міндетін атқарушы,
өнертану бағыты бойынша философия докторы (PhD)
Жалилова Ширин Шухратовнаның

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Кукетов Берик Алпысбаевичтің диссертациялық зерттеуі қазіргі хореография өнері үшін өзекті мәселеге – дәстүр мен жаңашылдықтың өзара ықпалдасуы жағдайында қазақ хореографиясындағы ұлттық бірегейлікті зерделеуге арналған. Жұмыстың өзектілігі жаһандану, белсенді мәдени алмасу және жаңа көркемдік технологиялардың пайда болуы жағдайында дәстүрлі бидің бір мезгілде тарихи жадты, ұлттық код пен мәдени мұраны сақтаушы қызметін атқарып, қазіргі сахналық туындылар үшін материалға айналуымен айқындалады. Осыған байланысты дәстүрлі би пластикасын орындаушылық материал ретінде ғана емес, мәдени-хореографиялық тіл ретінде де ғылыми тұрғыдан пайымдау қазіргі хореографиялық зерттеудің маңызды бағыты болып табылады.

Жұмыста ұлттық пластиканы қазіргі көркемдік кеңістікке енгізу кезінде оның мазмұндық негізін сақтау мәселесі дәйекті түрде қойылған. Автор ұлттық бірегейлікті тарихи тәжірибемен, мәдени жадпен және көркемдік интерпретацияның қазіргі нысандарымен байланысты динамикалық үдеріс ретінде қарастырады. Мұндай тәсіл диссертацияның мәлімделген тақырыбына сәйкес келеді және дәстүрлер сабақтастығын өткенді механикалық түрде қайталау ретінде емес, оны қазіргі заман тұрғысынан қайта пайымдау үдерісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты, объектісі, пәні және міндеттері.

Зерттеудің мақсаты қазақ биін ұлттық бірегейліктің көрінісі ретінде айқындау және дәстүрлі қазақ биінің мәдени-символдық, пластикалық және композициялық негіздерін ғылыми тұрғыдан негіздеу ретінде тұжырымдалған. Зерттеу объектісі ретінде метамодернизм кезеңіндегі қазақ хореографиясының көрінісі, ал пәні ретінде қазіргі заманғы аспектілер негізінде дәстүрлі қазақ биіндегі ұлттық бірегейліктің көріністері айқындалған. Қойылған міндеттер мақсатпен қисынды байланысқан және диссертацияның үш тарауында дәйекті түрде ашылған.

Теориялық-әдіснамалық негізі.

Зерттеудің пәнаралық сипаты ерекше назар аударуға тұрарлық. Жұмыста философиялық, мәдениеттанулық, хореографиялық, антропологиялық, онтологиялық және метахореографиялық тәсілдер біріктірілген. Ұлттық бірегейлікті түсіндіру үшін автор примордиализмнің, конструктивизмнің және инструментализмнің өзара байланысын пайдаланады. Олардың үйлесуі ұлттық бірегейлікті бір мезгілде тарихи-мәдени сабақтастық, әлеуметтік-мәдени динамика және ұлттық мәдени белгілердің қазіргі кездегі қызмет етуі тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Диссертацияда тарихи-теориялық, салыстырмалы, антропологиялық, онтологиялық, феноменологиялық, герменевтикалық, эвристикалық және эмпирикалық әдістер қолданылған. Метахореографияны дәстүрлі биді орындаушылық немесе этнографиялық деңгейде ғана емес, оның ішкі мағыналық, семиотикалық және мәдени құрылымы арқылы да талдау тәсілі ретінде пайдалану маңызды әдістемелік тұжырым болып табылады.

Зерттеудің негізгі мазмұны мен нәтижелері.

Бірінші тарауда қазіргі кезеңдегі ұлттық бірегейлікті зерделеудің теориялық және әдіснамалық негіздері қарастырылады. Автор дәстүр мен жаңашылдықтың өзара ықпалдасуын ескеретін кешенді модельді негіздейді, сондай-ақ метамодернистік ойлау аясында диалогтік, эмпатиялық және пәнаралық тәсілдерді қолданады.

Екінші тарау дәстүрлі биді зерттеудің әдістемелік жүйесін әзірлеуге арналған. «Айгөлек» және «Балбырауын» билерінің материалдары негізінде олардың мәдени мәндері ашылады; «Қара жорғаның» тарихи-антропологиялық негіздері және оның Ұлы Жібек жолының мәдени үдерістерімен байланысы қарастырылады; «Қамажайға» онтологиялық талдау жүргізіледі. Дәстүрлі биді зерттеу үшін ұсынылған алты элементтің: би стильдерінің, символизмнің, музыкалық элементтердің, атрибуттардың, дене қалыптары мен рәсімдердің жүйеленуі елеулі нәтиже болып табылады.

Қазақ өнеріндегі одағайларды және олардың би тіліндегі эмоциялық, коммуникативтік әрі көркемдік-экспрессивтік қызметін зерттеу ерекше орын алады.

Үшінші тарауда метамодернизм кезеңіндегі XXI ғасырдың қазіргі қазақ хореографиясының ерекшеліктері зерттеледі. Автор дәстүрлі пластиканың қазіргі сахналық шешімдермен қалай ұштасатынын және көркемдік мәнерлеудің жаңа нысандарына қалай ие болатынын көрсетеді. Эмпирикалық материал ретінде TikTok платформасындағы BiCod парақшасының материалдары қарастырылады, бұл цифрлық мәдени ортада қазақ биін қабылдау мәселесіне жүгінуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде метамодернизм кезеңіндегі қазақ неохореографиясының парадигмалық негіздері: интуиция, әуен, сахналық кеңістікте жаңа технологияларды пайдалану және сезімді білдіретін ым-ишаралар айқындалған.

Ғылыми жаңалығы.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы қазақ биін ұлттық бірегейлік категориясы аясында кешенді қарастырумен айқындалады. Елеулі нәтижелер қатарына примордиализм, конструктивизм және инструментализм негізінде қазақ биіндегі ұлттық бірегейліктің көрінісін айқындау моделін әзірлеу; метахореографиялық талдау арқылы «Айгөлек» пен «Балбырауынның» мәдени құндылығын анықтау; «Қара жорға» мен «Буын биінің» шығу тегінің бірлігін қарастыру; «Қамажайды» талдауда онтологиялық тәсілді және дәстүрлі билерді зерттеуде алты элементтен тұратын жүйені қолдану мүмкіндігін негіздеу; одағайлардың ұлттық бірегейліктің ерекше көрінісі ретіндегі рөлін нақтылау; метамодернизм кезеңіндегі қазақ неохореографиясының парадигмалық негіздерін айқындау жатады.

Теориялық және практикалық маңыздылығы.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы хореографиялық материал арқылы ұлттық бірегейлікті зерттеудің пәнаралық тәсілдерін жүйелеуден көрінеді. Алынған нәтижелер дәстүрлі би пластикасын мәдени, семантикалық және көркемдік аспектілерде зерделеу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Практикалық маңыздылығы әзірленген материалдарды хореография және қазақ биі бойынша білім беру бағдарламаларында, оқу үдерісінде, сондай-ақ сахналық қойылым тәжірибесінде пайдалану мүмкіндігімен байланысты.

Апробация және жарияланымдық белсенділік.

Зерттеу нәтижелері ғылыми жарияланымдарда, дөңгелек үстелдерде, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда және басқа да ғылыми іс-шараларда апробациядан өткен. Автореферatта Central Asian Journal of Art Studies журналында 2024 және 2025 жылдары жарияланған еңбектер, сондай-ақ Kuketov B., Shankibayeva A., Kussanova A., Assanova M. авторларының Cogent Arts & Humanities журналындағы «Метамодерндік мәдени парадигмадағы би, онтология және ұлттық бірегейлік» атты мақаласы көрсетілген: 2026, 13-том, 1-нөмір, 2722608-мақала, DOI: 10.1080/23311983.2026.2722608, Scopus EID: 2-s2.0-105049565374. Диссертация тақырыбына сәйкес келетін жарияланымдардың болуы зерттеудің негізгі тұжырымдарының дәйекті апробациядан өткенін көрсетеді.

Диссертациялық жұмысқа жалпы баға.

Кукетов Берик Алпысбаевичтің диссертациясы хореографиялық материал мәдениет, бірегейлік, антропология және қазіргі көркемдік теория мәселелерімен өзара байланыста қарастырылатын дербес пәнаралық зерттеу болып табылады. Жұмыс зерттеу міндеттерінің дәйекті қойылуымен, теориялық тұжырымдарды қазақ би өнерінің нақты үлгілерін талдаумен байланыстыруға ұмтылысымен және алынған нәтижелерді практикада қолдануға бағытталуымен ерекшеленеді.

Автордың дәстүрлі биді дамып отыратын мәдени мәтін ретінде қарастыруға ұмтылысы зерттеудің маңызды артықшылығы болып табылады. Мұндай тәсіл ұлттық пластиканың мәдени жадпен байланысын қалай сақтайтынын және сонымен қатар қазіргі сахналық әрі цифрлық кеңістікте жаңа көркемдік нысандарға қалай ие болатынын зерделеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды.

Автореферatта ұсынылған тұжырымдар негізінде Кукетов Берик Алпысбаевичтің «Қазақ хореографиясындағы ұлттық бірегейлік: жаңашылдық аясындағы дәстүрлер сабақтастығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының хореография, ұлттық мәдениет және қазіргі би өнері саласындағы зерттеулерді дамыту үшін ғылыми және практикалық маңызы бар екенін атап өтуге болады.

Жұмыс мәлімделген 8D02197 – «Хореография» білім беру бағдарламасына сәйкес келеді, тақырыбының өзектілігімен, әдіснамасының пәнаралық сипатымен, тұжырымдалған ғылыми нәтижелерінің болуымен және практикалық бағыттылығымен ерекшеленеді. Ұсынылған нәтижелер диссертацияны «Хореография» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторын (PhD) даярлауға сәйкес келетін деңгейде орындалған аяқталған ғылыми зерттеу ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Кукетов Берик Алпысбаевичтің диссертациялық жұмысын белгіленген тәртіппен қарауға және 8D02197 – «Хореография» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Жалилова Ширин Шухратовна

Өзбекстан мемлекеттік хореография академиясы
доцентінің міндетін атқарушы,
өнертану бағыты бойынша философия докторы (PhD)

/қолы/

2026 жылғы 2 қазан

Мөр: Өзбекстан Республикасының Мәдениет министрлігі.
Өзбекстан мемлекеттік хореография академиясы.
Кеңсе.

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Бесінші қазан екі мың жиырма алтыншы жыл.

Құжаттың орыс тілінен қазақ тіліне аударма мәтінін "TEZ – Perevod" ЖШС аударма агенттігі орындады, БСН 140340017121, өкілі Азамат Арманұлы Утеуов, 06.03.1994 жылы туған, Атырау облысының тумасы, ЖСН 940306300138.

Подпись: _____

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Бесінші қазан екі мың жиырма алтыншы жыл.

Мен, Тусупова Салтанат Расовна, Алматы қаласының нотариусы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі берген 2003.03.29 № 0001712 мемлекеттік лицензия негізінде әрекет ететін, менің қатысуымда жасалған "TEZ-Perevod" ЖШС өкілі Утеуов Азамат Арманұлының қолының түпнұсқалығын куәландырамын. Өкілдің жеке басы анықталды, оның әрекет қабілеттілігі мен өкілеттігі, сондай-ақ "TEZ-Perevod" ЖШС-нің құқық қабілеттілігі тексерілді.

№1717 тізілімде тіркелген
Өндірілді: тарифке сәйкес өндірілді

Нотариус: _____ С.Р.Тусупова

ST900767726100510033 9R832170

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

11 (он бір) парақ
тігілген,нөмерленген және мөр басылған.
Прошнуровано, пронумеровано и
скреплено печатью
на 11 (одиннадцать) листах